

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ





Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті ғылыми зерттеулерді дамыту, теңіз экологиясы және балық шаруашылығы саласында мамандар даярлау, Каспий теңізі мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастыққа қатысу, сондай-ақ биоалуантүрлілікті сақтауға және су ресурстарын тұрақты пайдалануға бағытталған бастамаларды жүзеге асыру арқылы БҰҰ-ның №14 Тұрақты даму мақсаты — «Теңіз экожүйелерін сақтау» мақсатына қол жеткізуге өз үлесін қосуда.



Бұл Атырау университеті үшін нені білдіреді?

Каспий маңы өңірінде орналасқан университет Каспий теңізі мен Жайық-Каспий бассейнінің экожүйелерін сақтауды өзінің білім беру және ғылыми қызметінің негізгі бағыттарының бірі ретінде қарастырады.

Биоалуантүрлілікті сақтау, тұрақты балық шаруашылығын дамыту, аквакультураны жетілдіру және су экожүйелеріне экологиялық мониторинг жүргізу мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді.

Биоалуантүрлілікті және табиғи экожүйелерді сақтау



Университет студенттері мен оқытушылары өңір экожүйелерін сақтауға бағытталған табиғатты қорғау бастамаларына белсенді қатысады.

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында «Қолданбалы экология» білім беру бағдарламасының студенттері «Ақжайық» мемлекеттік табиғи резерватының аумағында ағаш отырғызу жұмыстарына қатысты. Іс-шара экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, табиғи ресурстарды сақтауға және қоршаған ортаны қорғау саласындағы практикалық дағдыларды дамытуға ықпал етті.

Биоалуантүрлілікті сақтау мәселелеріне «Жайық өзенінің тайыздануы мен өзен түбінің ластануының экологиялық мәселелері және биоалуантүрлілікті сақтау жолдары» атты дөңгелек үстел аясында да ерекше назар аударылды.

Аквакультура мен балық шаруашылығын тұрақты дамыту

Университетте Қазақстанның балық шаруашылығы саласына мамандар даярлауға бағытталған 6B08401 «Балық шаруашылығы және ихтиология» білім беру бағдарламасы жүзеге асырылады. 2025 жылы аталған білім беру бағдарламасы «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының рейтингінде 2-орынға ие болды. Практикалық даярлықты ұйымдастыру мақсатында университет Жайық-Каспий облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясымен және Атырау бекіре балық өсіру зауытымен ынтымақтастық орнатқан. Студенттер ғылыми зерттеулерге қатысып, балықтарды жасанды өсіру технологияларын меңгереді, шабақтарды табиғи су айдындарына жіберу жұмыстарына қатысады және салада практикалық тәжірибе жинақтайды.

Кафедрада «Өсімдік және жануар тектес шикізаттан биотехникалық әдістер арқылы құнды компоненттер алу технологиясын әзірлеу» ғылыми жобасы жүзеге асырылуда. Жоба аквакультураға арналған экологиялық қауіпсіз жем өндіруге және тұйық сумен жабдықтау қондырғыларында балық өсіру технологияларын дамытуға бағытталған.

Саланы дамытуға қосымша үлес ретінде заманауи технологияларды балық шаруашылығына енгізу мәселелеріне арналған «Цифрландыру – балық шаруашылығын дамыту тетігі» атты дөңгелек үстел өткізілді.



Ғылыми зерттеулер және экологиялық мониторинг



Университет теңіз және өзен экожүйелерін сақтауға, сондай-ақ су биологиялық ресурстарын тұрақты басқаруға бағытталған ғылыми зерттеулер жүргізеді.

«Бірлескен іс-қимыл, ықпал, тәжірибе» атты өңірлік панельдік пікірталас аясында Каспийдің қоршаған ортасын кешенді зерттеу және мониторинг зертханасының меңгерушісі Г.Г. Жұматова «Жайық–Каспий су айдындарындағы балықтарды көбейту мен дамытудың өзекті мәселелері» тақырыбында баяндама жасады. Баяндама балық ресурстарын сақтау және су экожүйелерін тұрақты пайдалану мәселелеріне арналды.

2025 жылы университет «Қазақстанның тұрақты дамуы: инфрақұрылымды жаңғырту және Каспийді қорғау» атты ғылыми дөңгелек үстел ұйымдастырды. Іс-шара барысында Каспий теңізі деңгейінің өзгеруі, биоалуантүрлілікті сақтау және өңірдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері талқыланды.

Каспийді сақтау саласындағы халықаралық ынтымақтастық

ТДМ 14-ті іске асыруда халықаралық ынтымақтастық маңызды рөл атқарады.

Университет базасында «Каспий экожүйесі: ғылым мен білімнің интеграциясы» тақырыбында Каспий маңы елдерінің университеттері мен ғылыми-зерттеу орталықтары қауымдастығының XXVII Бас Ассамблеясы өтті.

Қатысушылар Каспий экожүйесін сақтау, теңіз экологиясы, аквакультура және теңіз энергетикасы салаларында мамандар даярлау, сондай-ақ халықаралық ғылыми зерттеулерді кеңейту мәселелерін талқылады.

Бірлескен білім беру бағдарламаларын дамытуға, ғылыми гранттарды іске асыруға және Каспий өңірі университеттері арасында желілік ынтымақтастық орнатуға ерекше көңіл бөлінді.





Экологиялық жауапкершілік және тұрақты табиғат пайдалану

Болашақ мамандарды даярлаудың маңызды элементтерінің бірі — өнеркәсіп және табиғатты қорғау ұйымдарының өкілдерімен кездесулер өткізу.

«Қолданбалы экология» білім беру бағдарламасының студенттері үшін Теңізшевройл компаниясы маманының өнеркәсіптік экология, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және мұнай-газ саласына экологиялық қауіпсіз технологияларды енгізу мәселелеріне арналған қонақ дәрісі өткізілді.

Мұндай іс-шаралар студенттерге тұрақты табиғат пайдалану және экологиялық менеджмент саласында практикалық білім мен тәжірибе алуға мүмкіндік береді.

ТДМ-ҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДЕГІ БОЛАШАҚ ҚАДАМДАР

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті теңіз экожүйелерін сақтауға және су биологиялық ресурстарын тұрақты пайдалануға бағытталған білім беру, ғылыми және халықаралық бастамаларды одан әрі дамытуды жалғастырады.

Дамудың басым бағыттары:

- Каспий теңізі мен Жайық-Каспий бассейнінің биоалуантүрлілігін сақтау мәселелері бойынша ғылыми зерттеулерді кеңейту;
- теңіз экологиясы, балық шаруашылығы және аквакультура саласындағы білім беру бағдарламаларын дамыту;
- балық ресурстарын молайтуға және тұрақты аквакультураны дамытуға бағытталған ғылыми жобаларды қолдау;
- Каспий маңы өңірінің университеттерімен және ғылыми орталықтарымен халықаралық ынтымақтастықты кеңейту;
- су экожүйелерінің жай-күйін бақылауға арналған цифрлық технологиялар мен мониторинг жүйелерін енгізу;
- табиғатты қорғау және балық шаруашылығы ұйымдарының базасында студенттердің практикаға бағытталған даярлығын дамыту;
- жастардың теңіз экожүйелерін сақтау мәселелері бойынша экологиялық сауаттылығын арттыру.

Осы бағыттарды іске асыру университеттің Каспий теңізінің биоалуантүрлілігін сақтауға, су ресурстарын тұрақты басқаруға, сондай-ақ БҰҰ-ның №14 Тұрақты даму мақсаты — «Теңіз экожүйелерін сақтау» мақсатына қол жеткізуге қосатын үлесін арттыруға мүмкіндік береді.

